

Д.И. Салқынбек^{*1}, Е.Н. Ермұханов²

¹Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-нің қауымдастырылған профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты
Қазақстан, Алматы қаласы.
E-mail: salkynbek.dosaly@mail.ru

²Абай атындағы ҚазҰПУ-нің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Қазақстан, Алматы қаласы
E-mail: Ermukan_erkyn@mail.ru

ЫБЫРАЙ АҚБАЙҰЛЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа

Халқымыздың тарихын зерттеу мәселесінде, кенжелу қалып келе жатқан тақырыптардың біріне, қазақ қоғамындағы бай-ауқатты адамдардың қоғамдағы алар орны жөніндегі мәселе жатады. Мақалада XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезеңіндегі Қарқаралы өңіріндегі бай әулеттен шыққан, ел басқарудағы ақыл парасатымен, ел мүддесін ойлаған ұлтжандылығымен танымал болған Ыбырай Ақбайұлының өмір тарихы мен қоғамдық-саяси қызметі сараланады. Ыбырай Ақбайұлы Қарқара өңірінде ел басқарған болыс болумен қатар, жүрегінің түгі бар ұлғазаттық күрестің басында тұрған «Алаш» қайраткерлерімен мүдделес болған тұлға. Алаш қайраткерлеріне материалдық тұрғыдан қолдау көрсетіп, көмек көрсеткені үшін ел ішінен аластатылып, қуғынға ұшырады. Қоғам және мемлекет қайраткері, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы сынды тұлғалармен достық қарым-қатынаста болды. XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақ халқының ұлғазаттық күресінен шет қалмай, оған үлкен қолдау білдірді. Ұлт тағдыры шешілер тұста Алашорданың жасағын толықтыру, мініс көліктерімен қамтамасыз ету жұмыстарында үлкен көмегін көрсетті.

Қазақстанда кеңес өкіметі орнағаннан кейін, ең бірінші кезекте, тап жауы ретінде кешегі бай әулеттен шыққандардың және өзі де бай болған тұлғалардың қуғындалғаны белгілі. Кеңестік билік тарапынан осындай қуғынға ұшырағандардың бірі Ыбырай Ақбайұлы болды. 1928 жылы бар малы тәркіленіп, өзі 1929 жылы үш жылға Қазақстаннан тыс жерге жер аударылып, жазасын өтеп келгеніне қарамастан 1937 жылы қайта тұтқындалып, жазықсыз жазаланып саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Ұлт жанашыры болған, халықтың алғысына бөленген Ыбырай Ақбайұлының есімі лайықты бағасын алып, ардақты тұлғасы әділ бағаланса дейміз!

Кілт сөздер: Тұлға, қазақ байлары, петиция, меценат, қуғын-сүргін, ұлт жанашыры, атқамінер, тәркілеу.

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің нысаналы қаржыландыру бағдарламасын іске асыру шеңберінде дайындалды ("XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың бірінші жартысындағы Алаш зияткерлік элитасының тарихы мен шығарма-шылық мұрасы" грант ИРН BR18574180ы).

Салқынбек Д.И.^{*1}, Ермұханов Е.Н.²

¹ассоциированный профессор КазНИТУ им. К.И. Сәтбаева, кандидат исторических наук
Казахстан, город Алматы
E-mail: salkynbek.dosaly@mail.ru

²доцент КазНПУ имени Абая, кандидат исторических наук
Казахстан, город Алматы
E-mail: Ermukan_erkyn@mail.ru

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИБРАЯ АҚБАЙҰЛЫ

Аннотация

В истории нашего народа одна из самых популярных тем – роль богатых людей в казахском обществе. В статье анализируется история жизни и общественно-политическая деятельность Ибрая Ақбайұлы, происходившего из богатой династии Каркаралинского региона конца XIX-начала XX веков. Ибрай Ақбайұлы был волостным управителем в Каркаринском районе и помогал деятелям «Алаш», которые стояли во главе национально-освободительной борьбы казахского народа. Он был выслан из

страны за оказание материальной поддержки и помощи деятелям «Алаша». У него были дружеские отношения с общественным и государственным деятелем, Учителем нации Ахмет Байтурсынулы. Он не остался в стороне от национально-освободительной борьбы казахского народа в начале XX века и выразил ей большую поддержку. В то время, когда решалась судьба нации, он оказал большую помощь в работе Алашорды по пополнению войск и обеспечению их конницей.

Известно, что после установления советской власти в Казахстане преследовались, в первую очередь, как классовые враги выходцы из богатых семей и те, кто сам был богат. Одним из преследуемых советской властью был Ибрай Акбайулы. В 1928 году весь его скот был конфискован, в 1929 году он был сослан за пределы Казахстана на три года и несмотря на отбытие наказания, в 1937 году был невинно репрессирован.

Ключевые слова: личность, богатые казахи, петиция, меценат, репрессия, патриот, управитель, конфискация.

Благодарности. Статья подготовлена в рамках реализации Программы целевого финансирования Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант ИРН BR18574180 «История и творческое наследие Алашской интеллектуальной элиты конца XIX-первой половины XX вв.»).

D.I. Salkynbek^{*1}, E.N. Ermukhanov²

¹associate Professor of KazNITU named after K.I.Satpayev, candidate of Historical Sciences
Kazakhstan, Almaty

E-mail: salkynbek.dosaly@mail.ru

²associate Professor of KazNPU named after Abai, candidate of Historical Sciences
Kazakhstan, Almaty

E-mail: Ermukan_erkyn@mail.ru

SOCIAL AND POLITICAL ACTIVITIES OF IBRAI AKBAYULY

Abstract

In the history of our people, one of the most popular topics is the role of rich people in Kazakh society. The article analyzes the life history and socio-political activities of Ibrai Akbayuly, who came from a wealthy dynasty of the Karkaraly region of the late 19th and early 20th centuries. Ibrai Akbayuly was a volost administrator in the Karkarinsky district and helped the Alash leaders, who were at the head of the national liberation struggle of the Kazakh people. He was expelled from the country for providing material support and assistance to Alash activists. He had friendly relations with the public and government figure, Teacher of the Nation Akhmet Baitursynuly. He did not stand aside from the national liberation struggle of the Kazakh people at the beginning of the 20th century and expressed great support for it. At a time when the fate of the nation was being decided, he provided great assistance in the work of Alashorda in replenishing the troops and providing them with cavalry.

It is known that after the establishment of Soviet power in Kazakhstan, people from rich families and those who were rich themselves were persecuted, first of all, as class enemies. One of those persecuted by the Soviet authorities was Ibrai Akbayuly. In 1928, all his livestock was confiscated, in 1929 he was exiled outside Kazakhstan for three years, and despite serving his sentence, he was innocently repressed in 1937.

Key words: personality, rich Kazakhs, petition, *maecenas*, repression, patriot, manager, confiscation.

Gratitude. The article was prepared as part of the implementation of the Program of targeted funding by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (IRN BR18574180 "History and creative heritage of the Alash intellectual elite of the late XIX-first half of XX").

Кіріспе. Буырқанған XX ғасырдың бас кезеңі бір жағынан Ресей империясының Қазақ жерін тартып алуды одан әрі күшейту, орыс шаруаларын қазақ жеріне жаппай қоныс аудару, халқымызды оқу-ағарту және мәдени-рухани жағынан отарлауының күшейтілуімен сипатталса, екінші жағынан қазақ зиялы қауымының қалыптасуының арқасында ұлттық мүдде жолындағы қасиетті ұлтзаттық күрестің басталуымен де айрықша ерекшеленеді.

XX ғасырдың бас кезіндегі ұлтзаттық күрес және халқымыздың рухани-мәдени, ағарту саласындағы ерен еңбектер туралы айтқанда алдымен сөз етеріміз Алаш қайраткерлері әрине. Ал, бірақ Алаш қайраткерлерімен үзеңгілес болып, олардың ұлтзаттық қозғалысына дем берген, ниеттес болған және материалдық тұрғыдан қолдау көрсетіп үлкен көмегін көрсеткен, ұлтым, елім деген көкірегі ояу халқымыздың ірі ауқатты тұлғаларының есімдері әлі де болса қалтарыста қалып келе жатыр. Олардың барлығы да халқымыздың азаттық күресінің тарихында өзіндік орны бар тұлғалар болатын.

Жалпы қазақ қоғамында біз сөз етіп отырған кезеңдегі ел ішінен шыққан ауқатты бай адамдар, олардың қоғамдағы орны мен рөлі жөнінде бірыңғай пікірдің жоқ екені белгілі. Өйткені ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Біздің қазақ байларында Еуропа байларындай мол байлық жоқ, аз байлықпен халінше жомарттық қылатын байлар қазақта аз, жоқтың қасында. Біреудің малы көп болса да, саңылауы жоқ болды. Жұрт ісіне жаны ашып, жұрт намысына қаны қызатын қазақта адамдар аз болды. Себебі жұрт жұмысы деген қазақтың әдетінде болған емес. Өзге жұрттан онаша жүріп, қазақ басқа халықтармен бәсекелесіп, жарысқа түскен жоқ. Сондықтан жұрт жұмысы, ұлт намысы деген сөз – қазақтың көбіне түсініксіз нәрсе», -деп атап көрсеткендей [1], отарлық езгіден мешеу қалған қазақ қоғамында өз жұртына тірек болып, өз жұртының экономикалық тұрғыдан ілгері дамуына серпін беретін үлкен ауқатты күш қалыптаспаған еді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасы Президенті архивінің 20, 141-қорларының құжаттары дерек көзі ретінде пайдаланылды. Архив құжаттары деректанулық талдаудан, сараптаудан өткізілгеннен кейін қолданыс тапты. Және қайраткердің ісіне қатысты, сондай-ақ XX ғасырдың бас кезеңіндегі қоғамдық-саяси өмірге қатысты ғылыми еңбектер де дерек көзі ретінде пайдаланылды.

Мақаланы жазуда тарихилық принцип пен объективтілік ұстаным басшылыққа алынды. Тарихилық принцип негізінде XX ғасырдың бас кезеңіндегі қоғамдық-саяси өмір мен сол кезеңдегі оқиғаларға талдау жасалына отырып Ыбырай Ақбайұлының саяси қызметін ашу мүмкіндігі артса, тарихи объективтілік ұстаным аясында Ыбырай Ақбайұлының ұлт мүддесі жолындағы қызметі жан-жақты сараланып бағаланды.

Талқылау. XX ғасырдың бас кезіндегі қоғамдық-саяси жағдайды және «Алаш» қайраткерлерінің ұлтзаттық күресін зерттеген белгілі тарихшы ғалым М.Қойгелдиев өз еңбегіне алғашқы болып Қарқара өңірінен шыққан, ұлтзаттық күреске үн қосқан белгілі тұлғалардың саяси қызметі мен Ыбырай Ақбайұлының да саяси қызметіне тоқталып өтеді [2]. Зерттеуші ғалым Е.Рахметуллин А.Байтұрсынұлының ұлтзаттық күрес барысындағы еңбегіне арналған зерттеуінде Ахмет Байтұрсынұлы мен Ыбырай Ақбайұлының ұлт мүддесі жолындағы бірлескен күрестерін архив құжаттары негізінде қарастырған [3]. Ал тікелей Ыбырай Ақбайұлының өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін талдауға арналған жеке ғылыми еңбектер жоқтың қасы деп айтуға болады.

Зерттеу нәтижелері. Десекте, ел ішіндегі өз жұртының қамын жеп, елге абыройлы қызмет еткен халқымыздың ардақты тұлғалары да баршылық. Қазақ байлары, қазақ меценаттары туралы сөз еткенде, алдымен ойға оралатын тұлғалардың бірі – Қарқаралы уезі, Беріқара болысында он жеті жыл болыс басқарушысы болған, арабша сауатты көзі ашық, жетім-жесірге көп шарапатын тигізген, халқымыздың Ахмет Байтұрсынұлы сынды тұлғаларымен аралас-құралас болып, бір-біріне құрмет көрсетіп, сыйласып өткен Ыбырай Ақбайұлы сынды тұлғаларды атап өтуге болады.

Ыбырай Ақбайұлы берісі Қарқаралы, одан асып Сарыарқа өңіріне дәулетімен, елді аузына қаратқан ақыл-парасатымен белгілі, әрі болыс болған қажы Жандеркин Ақбайдың шаңырағында 1867 жылы дүниеге келеді. Ыбырай Ақбайұлының ата-қонысы, туып-өскен жері бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезіне қарасты Беріқара болысы болатын. Ақбайдың көзі ашық, ел қамын жеген тұлға болғандығын оның XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі Қарқаралы өңіріндегі саяси оқиғаларға белсене араласуынан байқауға болады. Ақбайдың шаңырағынан ел ісіне етене араласып, елге танымал болған Ыбырай және ұлтым, елім деп жүрегі соққан Алаш қайраткері, заңгер, құқықтану магистрі Жақып секілді ұлдардың өсіп шығуы да әсте кездейсоқ болмаса керек. Сондай-ақ, Ресейлік отарлық езгінің күшеюінен, қазақтардың өзіндік қарсыласу, наразылық әрекетінің бір түрі ретінде 1905 жылы әйгілі Қарқаралы петициясы дүниеге келді. Ресей империясының билеушісі II Николай патшаның атына тікелей жолданған Қарқаралы петициясында: «Қандай әділет бар. Қазақтарды құқықсыз, заңсыз топқа енгізу қайдан шыққан. Иә, біз мал шаруашылығымен айналысамыз. Бірақ ол қаңғу емес қой. Мал шаруашылығымен айналысу неге біздің сайлау құқымызға шек қоюға себепші болмақ? Қазақтар қоғамдық және мемлекеттік мақсатта орыс шаруаларынан кем түсінеді деп кім қорытынды жасай алады, тіпті басқа отырықшы «бұратана-лармен» салыстырмай-ақ қояйық. Кім қазақтардың мүддесін қорғамақ, кім біздің мұқтаждығымызды дұрыс түсіндіреді?» - деген секілді жан айқаймен қатар, Қазақтың әкімшілік басқару жүйесін қайта қарау, сайлау жүйесін қайта құру, азаматтық және сот істерін, іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізуді заңды түрде бекіту, Дума сайлауына қазақ депутаттарын қатыстыру және тағы да басқа қазақ халқы үшін өмірлік маңызы бар мәселелердің шешілуі талап етілді [4]. Халқымыздың өз құқықтарын қорғау жолындағы осы елге танымал 42 жанның бірі – Ақбай Жандеркин болатын. Яғни, ұлдарының бірінің ел басқарып ұлт қамын жеген қамқоршы, екіншісінің азаттық қозғалыстың бел ортасында жүрген жетекшілерінің бірі болуына әкелерінің тәлім-тәрбиесі мен ықпалының зор болғаны анық деп ойлаймыз.

Ыбырай Ақбайұлының XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ өлкесіндегі бай-ауқатты, ықпалды тұлғалардың бірі болғандығына қарамастан саяси көз қарасы жағынан Алаш қайраткерлеріне жақын болып, оларға қолдау көрсетуіне әуелі әкесінен алған отбасылық тәрбиесі, одан соң Қарқаралыдағы орыс-қазақ мектебінің оқытушысы және меңгерушісі болып істеген Ахмет Байтұрсынұлының, сондай-ақ өзінің туған інісі жоғары білімді заңгер Жақып Ақбайұлының да өзіндік әсері болды. Міне сондықтан да ұлт зиялылары бастаған азаттық күрес жағында болған Ыбырай Ақбайұлы оларға әлеуметтік тұрғыдан өз көмегімен көрсетіп, барынша қолдау көрсетіп отырды. Ұлт зиялыларының қалыптасып үлкен саяси күшке айналуы және оларды өлкедегі ардақты тұлғалардың материалдық тұрғыдан қолдап дем беруі Ресей империясының әкімшілік басшылығына қатты састырса керек. Олар дереу арада өлкедегі бақылауды күшейтті. Қарқаралы петициясының жазылуынан басталған кұғындау, тұтқындау шаралары одан әрі күшейтіліп, 1909 жылы Жақып Ақбайұлы Қарқаралы уезінен, Жетісу облысының Қапал уезіне жер аударылса, Ахмет Байтұрсынұлы Қарқаралы түрмесіне қамалады. Оларға империялық билік тарапынан тағылған айыпта: патша атына жазылған петиция жазуды ұйымдастырды, халық арасында билікке қарсы үгіт жүргізді деген секілді үрей бар еді. Осы жылдары Қарқаралы уезі, одан тыс Семей облысында қалыптасқан саяси ахуалға сипаттама берген белгілі тарихшы ғалым М.Қойгелдиев: «Генерал Тихмедиев министр атына жолдаған осы хатында Қарқаралы уезіндегі қазақтар арасында үгіт-насихат жүргізуде «кәнісі Байтұрсыновтан кем емес» деген бірнеше адамның атын атайды. Олар Әлихан Бөкейхановтың інісі Смахан Бөкейханов, Жақып Ақбаевтың інісі (ағасы Д.И.) Ыбырай Ақбаев, Қу болысының бұрынғы меңгерушісі Хасан Ақаев, Қарқаралыдағы емхананың фельдшері Ахмет Райымбеков, Ақшатау болысының тұрғыны Бозаубек Райымбеков, ауыл мектебінің мұғалімі Смайыл Байтенов және Қарқаралыдағы орыс-қырғыз училищесінің оқытушысы Асылбек Сулейменов еді. Қатынаста бұл аталған кісілердің бәрі де «қырғыздарды салық төлемеуге, билік органдарына бағынбауға және переселендерге жерлерін бермеуге үгіттеді деп көрсетеді»- деген болатын [5]. Өңірдегі халықтың толқуынан және оның одан әрі өрістеуінен қатты сескенген Ресейлік билік өңірдегі Алаш зиялыларымен қоса оларға жақтас, қолдаушы болып отырған тұлғаларды да жазалау әрекеттеріне көшеді. Алаш зиялылары мен өңірден шыққан белгілі тұлғаларға берілген жаза жөнінде: «Қарқаралы интеллегенциясының ісі 1910 жылы ақпанда Ішкі істер министрлігінің Ерекше кеңесінде қаралып, 19 ақпанда Омбыдағы генерал губернатор кеңсесіне «А.Байтұрсыновқа екі жылға Дала өлкесінде, Жетісу және Торғай облыстарында тұруға тиым салынады деген министрдің бұйрығы келеді. Бұл хабардың артынан ала Қарқаралы уезінің жоғарыда аталған жеті азаматы, Смахан Бөкейханов, Ыбырай Ақбаев, Хасан Ақаев, Ахмет Райымбеков, Бодаубек Райымбеков, Асылбек Сулейменов және Смайыл Байтеновтердің Том губерниясы Барнаул қаласына екі жылға жер аударылатындағы туралы министрдің шешімі келіп жетті» деп жазады тарихшы ғалым М.Қойгелдиев [6].

Болмысынан ел қамын жеп өскен тұлға, қарақан басының күйін күйттемей ел тағдыры шешілер аса жауапты кезеңде де ұлтжандылық қасиетінен айнымады. Алаш қайраткерлерінің бастауымен бүкіл Қазақ даласы дүр сілкініп, Кенесары хан заманынан кейін елдігінен айрылған халқымыздың ұлттық мемлекет-тілігін қайта қалпына келтіру жолындағы «Алаш» партиясы мен «Алашорда» автономиясын құру кезеңінде Ыбырай Ақбайұлы «Алаш» қайраткерлерін моральдық және материалдық тұрғыдан белсенді қолдау көрсетті. Бүкілқазақтық екінші құрылтайдың шешімімен қабылданған «Алаш» әскери милиция-сын жасақтау ісінде Қарқаралы өңірінен жігіттерді «Алаш» жасағына тарту, «Алаш» жасағын жарамды мініс көліктерімен қамтамасыз ету жұмыстарында ұлтжанды тұлғалық үлкен көмегін көрсеткенін архив құжаттары айғақтайды. Мәселен, 1918 жылы Ыбырай және Жақып Ақбаевтар Семей қаласындағы Алашорданың әскери полкын толықтыру үшін Алаштың орталық комитетінің қарамағына жүзден аса жігіттерді жіберген. 1928 жылы Ыбырай Ақбайұлы тұтқындалғанда оған тағылған басты айыптардың бірі, кеңес өкіметіне қарсы күрескен «Алаш» әскерін қару-жарақпен және мініс жылқылармен қамтама-сыз етті деген айып болатын [7].

Ыбырай Ақбайұлы 1919 жылдың наурызында Бүкілресейлік орталық атқару комитеті Алаш Ордаға амнистия жарияланғаннан кейін, ел басқарудағы көп жылдық тәжірибесі мен сол кезеңде қалыптасқан саяси жағдайды ескере отырып, заман ағамына сай, сол биліктің мүмкіндіктерін халық әжетіне пайдалануға талпыныс жасайды. Елімізде кеңестік билік орнағаннан кейін, кешегі ел тізгінін ұстаған азаматтар қолда бар билік мансаптарынан, дәулетінен айрылғаны белгілі. Оның үстіне, азамат соғысы жылдарын-дағы елді қамтыған күйзеліс, жиырмасыншы жылдары орын алған ашаршылық Ыбырай Ақбайұлының дәулетін шайқалтып, ол бұл жылдары ірі, ауқатты бай иесінен, ортадан жоғары шаруашылық иесіне айналған болатын. Дегенмен де, халық арасындағы танымалдығы мен құрметінің арқасында сол кезеңде елде жаңадан құрыла бастаған «Қосшы» ұйымын құру және төменгі кеңестік органдарға сайлау бары-сында өзі құптаған, өзі жақтаған азаматтарды өткізу істерінде көмегін көрсетіп, ел ішіндегі қоғамдық өмірден шет қалмады.

Қазақстан өлкелік партия комитетінің басшылығына Голощекин келгеннен кейін, Қазақ жерінде арты үлкен қайғы-қасіретке ұрындырған Сталиндік – Голощекиндік эксперимент басталып, ол ең бірінші кезекте халқымыздың бірнеше ғасырлардан бері қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығына қарсы бағытталды. Қазақстанда кеңестік билік жоқ деп лепірген Голощекин қазақ жерінде «Кіші қазан» төңкерісін жүргізбекші болып, ауылда жоқ тап күресін қолдан тудырып, бай мен кедейді бір-біріне қарсы айдап салмақшы болды. 1927 жылы қараша айында өткен VI партия конференциясында: «Біз шын мәнісінде іске көштік, жер мәселесінде бай мен кедейді қақтығыстырдық, кедейге байдың жерін тартып алып беруде оған көмектестік. Бұл шынайы өмір, бұл таптық күрес. Бұнда қолда бар жетістіктерімізді елемей мүмкін емес, ауылдағы барлық шаруаларды қамтып, өзіміздің соңымыздан ерте білдік. Біз әлі де болса көп мәселені аңғарған жоқпыз және барлығын тартып алғанымыз жоқ. Мәселен, Шорманов, Ақбаевтардың әрқайсысында 10 мың бастан мал бар. Біз олардың жерін тартып алып, енді не істейді екен деп ойладық. Олардың бұған мұрты да қисайған жоқ. Бұл жерде мәселе басқара жатыр жолдастар. Біздің олардың жерін тартып алғанымыз жақсы, бірақ олар одан өзіндік шығыр жол тауып алды. Сондықтан, жолдастар біз байға барып, олардың барлық дүние мүмкін тартып алуымыз керек», - деп көсемсіген еді [8]. Артынша-ақ, Қазақ орталық атқару комитеті мен ҚАКСР Халық комиссарлары кеңесінің 1928 жылы 27 тамыздағы «Бай шаруашылықтарды тәркілеу туралы» және 1928 жылы 13 қыркүйекте «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу мен жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қалмыстық жауап-тылық туралы» аты шулы қаулысы шықты. Қаулыға сәйкес Республика бойынша көшпелі аудандарда 400-ден аса малы бар (ірі қараға шаққанда) 700 шаруашылықты, жартылай көшпелі аудандарда – 300 және отырықшы аудандарда 150 шаруашылықты тәркіге салу белгіленді. Науханның қортындысы туралы құжаттарға сүйенсек, іс жүзінде 696 шаруашылық тәркіге салынып, олардан ірі қараға шаққанда 145 мыңдай мал тартып алынды [9]. Халқымыздың дәстүрлі қоғамына соққы болып тиген қаулы негізінде Ыбырай Ақбайұлы 1928 жылы қазан айында тұтқындалып, РКФСР қылмыстық кодексінің 58-статья-сының 7,10,13 және 173 тармақтары бойынша айыпталды. Осы айыптау негізінде 1929 жылы қаңтар айында ОГПУ «үштігінің» ерекше шешімі бойынша бар дүние мүлкі тәркіленіп, Ресейдің Троицк қаласына жер аударылады. 1928 жылы қазан айының 28 күні Ыбырай Ақбайұлына шығарылған айыптау қортындысында «320 бас малы, екі үй, 3 жұмысшысы бар» деп көрсетілген [10]. Ыбырай Ақбайұлының ұлы Абдулхамид Ыбырайұлы тергеуде берген әкесінің дүние-мүлкі жөніндегі жауабында: «1928 жылы әкеміздің бүкіл шаруашылығы тәркіленіп, өзі Қазақстаннан тыс Ресейдің Троицк қаласына жер аударылды. Революцияға дейін әкеміз 100-ге жуық (малдың әр түрі) ешкі, қой, жылқы, түйе, сиыры болды. Қыстауда үйіміз бар еді. Революциядан кейін де осы шамалас болды» деп көрсетеді [11]. Яғни, аса бай деп есептелген Ыбырай Ақбайұлының өзінде Голощекин көпіртіп айтып отырғандай 10 мың бас түгіл, 500-ге де жетпейтін мал басы болған. Сол кезеңдегі бүкіл қазақ қоғамының әлеуметтік-экономика-лық тұрмысының көрсеткіші алдыңғы қатарлы қазақ байларының дәулетімен есептеп қарайтын болсақ, онда халқымыздың жартысына жуығын аштыққа ұрындырған ұжымдастыру науханы қарсаңындағы еліміздің әулетін, қолда бар байлығының көлемін байыптап шамалауға болады.

Ыбырай Ақбайұлы 1932 жылы жаза мерзімі аяқталғаннан кейін елге оралып, жанұясымен бірге Алматы қаласында тұрады. Елімізде 1937-1938 жылдары «Үлкен террор» басталғанда халқымыздың бүкіл бетке ұстар зиялылары, мемлекеттегі жауапты лауазым иелерімен бірге кешегі бай болған тұлғалар «яғни, кеңес өкіметін сүймейтін жат элементтер» жанұяларымен бірге саяси тұрғыдан айыпталып жаппай қуғын-сүргінге ұшырады. Бұл қасірет бүкіл Ыбырай Ақбайұлының жанұясын, туған-туысқандарын қамтыған еді. Ыбырай Ақбайұлын Қазақстандық ОГПУ-дың Қазақстан аумағынан қашып кетті деп, тіке-лей жедел хат жіберуіне байланысты 1937 жылы 20 тамызда Қырғыз Республикасының ОГПУ өкілдері, Қырғыз Республикасының Қошқар ауылында тұтқындап, қыркүйек айының 14-і күні этаппен Қазақ-стандық ОГПУ-дың қарамағына жібереді. Шын мәнісінде Ыбырай Ақбайұлы біреуден қашып емес, сонда тұрып жатқан күйеу баласы Шынғысов Әлімханның үйіне қонақтай барған жерінен тұтқындалған еді.

Ыбырай Ақбайұлынан алғашқы тергеу жауабы 1937 жылы 25 қыркүйек күні алынған. 1937 жылы 14 қазан күні НКВД-ның тергеушілері Ыбырай Ақбайұлынан екінші тергеу жауабын алады. Бұл тергеу жауабы қай арнада өрбіді, тергеу барысында Ыбырай Ақбайұлы өзін қалай ұстады, қалай жауап берді? деген мәселелер маңызды болғандықтан, тергеу жауабына назар салып көрейік!

«Сұрақ: Біздегі бар құжаттар бойынша, сіз байлармен бірге жиналып алып, антисоветтік мәселелерді талқыладыңыздар, атап айтқанда 1937 жылдың сәуір айында азамат Саликовтың үйінде, дүниеге келген егіз сәбиге берілген жәрдем ақыға байланысты «жәрдем ақы беру арқылы Совет үкіметі бұнысымен халықты алдап отыр» депсіз, осыған байланысты жауап беріңіз.

Жауап: Я, 1937 жылы сәуір айында бай Спанов Әмремен бірге өзімнің туысым Салимның үйінде болдым. Онда дүниеге келген егіз сәбиге совет үкіметі 500 руб беріпті деген жөнінде әңгіме болды,

бірақ, мен осымен совет үкіметі халықты алдап отыр деп айтқаным жоқ, сондай-ақ, бұндай әңгімені сонда болған ешкімнің аузынан естігенім жоқ.

Сұрақ: Біздегі мәлімет бойынша 1937 жылы 20 мамыр күні сіздің пәтеріңізде болған азамат Қажығалиев Көккөзге ол Шубартау ауданынан қайтып оралар кезде бұрынғы бай Смағұлов Ахметжанмен хабарласып, айдауда жүрген бұрынғы бай Сатанов Шаншарбайға ақша жіберуді айтуды тапсырыпсыз. Бұл жөнінде не айтасыз?

Жауап: Я, 1937 жылы қаңтар айында менің үйімде Қажығалиев Көккөз болды, сіздің сұрағыңызда аты-жөндері келтірілген байларды мен жақсы танымын, олар біздің Қарқаралы округінен, соңғы екеуі айдауда, бұнда келе алмай жатыр. Бірақ, Қажығалиевке оларға ақша салып жіберуді тапсырғаным есімде жоқ.

Сұрақ: 1937 жылы 20 қаңтар күні өзіңіздің үйіңізде сіз Қажығалиев Көккөзге Шубартау ауданындағы Смағұлов Ахметпен хабарласып, оған Тойсарин Бейсембай мен Сатанов Шаншарбай қазақ халқын азат ету ісіне кірісті деп айтуды тапсырыпсыз. Осы жөнінде жауап беріңіз?

Жауап: Жоқ, мен бұл жөнінде ешкімге ешқашан ештеңе айтқан емеспін» [12]. Тергеу сұрақтарынан НКВД тергеушісінің кеңес өкіметіне наразы бұрынғы байлардың қандай да бір ұйымын әшкерелемек болған жанталасуы байқалады. Сол күні өткен, тергеудің екінші жартысында сұрақ барысы одан әрі кеңейтіліп, енді Ыбырай Ақбайұлының Алашорда қайраткерлерімен байланысы жөніндегі мәселелер қозғалады. Ыбырай Ақбайұлы Алаш қайраткерлерімен ешқандай да байланысы жоқ екенін және олардан ешқандай да тапсырма алмағаны жөнінде нақты жауап берген. Тергеушінің: «Алматы қаласында қандай байлармен байланыс жасап тұрасыз» деген сұрағына «Менің ұлым Ақбаев Абдулхамит 1930 жылы контрреволюциялық әрекеттері үшін деген айыппен Воронеж қаласына 5 жылға жер аударылды және жазасын өтегеннен кейін сонда тұрып жатыр. 1936 жылы мен оған барып қайттым, сонда айдауда жүрген Досмұхамедов Халилмен көрістім, қайтар жолда күйеу балам Нұрмақов Нығметтің үйіне кіріп шықтым» деп жауап береді [13].

Осыған дейінгі тергеу барысында тергеуші неше түрлі жалған және арандату сұрақтарын қойып түк те шығара алмағаннан кейін, қосымша алынған тергеу барысында енді нақты дәлелі жоқ болса да тікелей айыптауға көшкен.

«Сұрақ: Сіз антисоветтік ұлтшыл ұйымға қатыстылығыңыз үшін айыпталасыз. Контрреволюциялық жұмыстарды жүргізу үшін төңірегіңізге байшыл-ұлтшыл элементтерді жинадыңыз. Және байшындармен байланысу үшін КСРО-ның әр аймақтарына барып тұрдыңыз. Осыған өзіңізді кінәлімін деп есептейсізбе?

Жауап: Антисоветтік ұлтшыл ұйымда болған емеспін және бұған өзімді кінәлімін деп мойындамаймын, байлармен және Алашордашылармен контрреволюциялық мақсатта емес, өзімнің жеке мақсатымда байланыста болдым» [14]. Тергеу жауаптарынан көріп отырғанымыздай Ыбырай Ақбайұлы өзінің қандай да бір антисоветтік ұлтшыл ұйымға қатыстылығын және антисоветтік іс-әрекеттер жүргізгенін жоққа шығарады. Және баса назар аудара кететін тағы бір мәселе, НКВД жендеттері жалған саяси айыптау-ларды Ыбырай Ақбайұлына мойындата алмаған. Солай десек те, Ыбырай Ақбайұлына қатысты 1937 жылы 15 қазан күні шығарылған айыптау қортындысында: «1928 жылы жартылай феодал ретінде тәркіленіп, үш жыл мерзімге жер аударылған, жазасын өтегеннен кейін Алматы қаласына келіп, ол жақтан контрреволюциялық әрекеті үшін Воронеж қаласына жер аударылған баласы Ақбаев Абдулхамитке және Москва қаласындағы күйеу баласы, антисоветтік қазақ ұлтшыл ұйымының басшысы, қазіргі уақытта тұтқындалған Нығмет Нұрмақовқа жиі барып тұрды, Қырғызстандағы және Семей облысындағы қашқын байлармен байланыста болды. Тергеу материалдары бойынша Ақбаев Ыбырай антисоветтік ұлтшыл ұйымның мүшесі ретінде контрреволюциялық жұмыстарды жүргізді. Айыпталушы ретінде тергелген Ақбаев Ыбырай өзінің төңірегіне байшыл-ұлтшыл элементтерді топтастырғанын мойындады, ал бірақ қандай да бір антисоветтік қазақ ұлтшыл ұйымына қатыстылығын және антисоветтік сөздер айтқаны жөнінде өзін кінәлімін деп мойындаған жоқ», - деген айыптау тағылып, Ыбырай Ақбайұлының ісін қарау Алматы облыстық УНКВД «үштігінің» қарауына жіберіледі [15]. Алматы облыстық УНКВД «үштігінің» 1937 жылы 15 қазанда шығарылған қаулысы бойынша Ыбырай Ақбайұлы ату жазасына кесіліп, тағайындалған жаза 1937 жылы 9 қарашада орындалады. Осылайша қызыл империяның зұлат саясатының салдарынан XX ғасырдың бас кезеңіндегі еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде өзіндік орны бар ірі тұлға, бай-аухатты әулет өкілдерінің бірі және халқымыздың ұлтазаттық қозғалысын материалдық тұрғыдан дем беріп қолдаушы, қазақ халқының атадан балаға мирас болып келе жатқан өзіндік аймақтық басқару жүйесінің соңғы өкілі болған Ыбырай Ақбайұлы өмірден өтті.

Ыбырай Ақбайұлының ісіне байланысты тұтқындалған, жалған саяси айыппен айыпталғандардың барлығы да, кеңестік сұрқия жүйе ауыр жазаға кесті. Мәселен, Орынтаев Мырзан контрреволюциялық

ұлтшыл әрекеттері үшін деген жалған жаламен айыпталып, Алматы облыстық УНКВД-ның шешімімен 1937 жылы 4 қыркүйекте ату жазасына кесілді. Сондай-ақ, Тойсарын Бейсембай Алматы облыстық УНКВД үштігінің шешімімен 1937 жылы 17 қазанда ату жазасына кесіліп, ату жазасы 1937 жылы 10 қарашада орындалады. Байшыл, ұлтшыл деп айыпталған келесі тұлға Спанов Әмре де, Алматы облыстық УНКВД үштігінің шешімімен 1937 жылы 15 қазанда ату жазасына кесіліп, үкім 9 қарашада орындалған. Ал Ноғаев Абжанға Алматы облыстық УНКВД үштігі 1937 жылы 10 қарашада 10 жыл мерзімге түрмеде жазасын өтеуге шешім шығарады. Ол 1940 жылы 24 ақпанда түрмеде аурудан қайтыс болады [16].

Ыбырай Ақбайұлының жанұясына тоқтала келетін болсақ, Ыбырай Ақбайұлы тұтқындалғаннан кейін толтырылған алғашқы тергеу хаттамасында: «Әйелі Мария 60 жаста, ұлы Ибраев Абдулхамит 35 жаста, филармонияда домбырашы болып істейді, ұлы Жандикин (ол да Ибраев) Қазкен 33 жаста, мал шаруашылығы институтында жұмыс істейді. Қызы Камилия Ибраева 17 жаста Ташкент қаласындағы дәрігерлік институтта оқиды» деп көрсетіпті [17]. Мұнда Ыбырай Ақбайұлының қызы Зүпнұн Ыбырайқызы және ұлы Абдулахмет жөнінде мәліметтер берілмеген. Ыбырай Ақбайұлының өз басына тағылған жалған саяси айыптаулар мен қуғындаулар оның жанұясына да ауыр соққы болып тиді. Кеңестік қуғын-сүргіннің ең азапты зардабын тартқан әулеттердің бірі Ақбаевтар әулеті десек қателеспесбіз. Жиырмамыншы жылдардың аяқ кезінде-ақ, елімізде қарқын алған Голошекиндік қуғын-сүргінге ең алдымен «Алаш» қайраткерлері ілікті. Оларға Кеңес өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізді, Қазақстанның көптеген қалаларындағы жасырын контрреволюциялық ұйымдарды құрды, қазақ ауылын социалистік жолмен қайта құруда жаулық мақсатпен оның саясатын теріс бұрмалады, Қазақстанның көптеген аудандарындағы бандылардың әрекетіне басшылық жасады және тағы да басқа айыптар тағылды. Осы жалған айыптаулар негізінде Қазақстандық ОГПУ үштігінің шешімімен 1932 жылы 20 сәуірде Алаш қайраткерлері Халел Досмұхамедов, Жақып Ақбаевтармен бірге Ыбырай Ақбайұлының үлкен ұлы Ақбаев Абдулхамит сотталады. Ол РКФСР қылмыстық кодексінің 58-статьясының 3,11 тармақтары бойынша айыпталып, бес жыл мерзімге Воронеж қаласына жер аударылады. Жазасын өтеп болғаннан кейін, елге қайтпай сонда тұрып жатқан кезінде 1938 жылы 5 ақпанда Воронеж облысы НКВД басқармасы тарапынан тұтқындалып, РКФСР қылмыстық кодексінің 58-статьясының 10,11 тармақтары бойынша айып тағылып, Воронеж облыстық үштігінің ерекше шешімі бойынша 1938 жылы 11 қазанда ату жазасына кесіледі. Ыбырай Ақбайұлының үлкен қызы Зүпнұн Нұрмақова қоғам және мемлекет қайраткері Нығмет Нұрмақовтың яғни «халық жауының» әйелі болғаны үшін сотталып, сегіз жыл «Алжирдің» азапты лагерінде жазасын өтеді.

Қорытынды. Ыбырай Ақбайұлы тұтқындалғаннан кейін, оның жалған жаланың құрбаны болып отырғанын алғаш көтеріп, дабыл қаққан асыл жары Мариям апамыз еді. Мариям апамыз 1939 жылы мамыр айында КСРО-ның бас прокуроры Вышинскийдің атына жазған хатында күйеуінің қамалып кеткеніне бір жыл, тоғыз ай болғанын, содан бері уақытта одан еш хабар жоқ екенін, не өлі, не тірі екенін білмейтінін, оған тағылған айып бойынша 1928 жылы сотталып, жазасын өтегенін, жасы жетпістегі ауру қартты, қандай да бір қылмысқа қатысы бар деп айыптау ақылға сиымсыз екенін айтумен қатар: «Бұл қателік және ешқандай да шындыққа сәйкес келмейді. Қазақ Республикасы ішкі істер наркоматындағы кейбір қызметкерлердің адам өміріне немқұрайлы қарауының салдарынан, күйеуім бір жыл, тоғыз айдан бері еш кінәсіз зардап шегіп отыр», - дей отырып, күйеуінің ісін тезірек шешіп беруді және оның осы уақытқа дейін тірі ме екендігін біліп беруді сұрайды [18]. Мариям апамыздың Сталиндік қуғын-сүргіннің жүріп жатқан кезінде қаймықпай бас прокурордың атына хат жазуы үлкен ерлік болатын. Бірақ, апамыз бұл кезде өзінің өмірлік жарының әлдеқашан атылып кеткенін қайдан білсін. Әкесінің ардақты есімін ақтап алуды ұлы Ибраев Абдулахмет жалғастырды. Ол, өзінің республика әскери прокурорының атына, Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасының атына және тағыда басқа республикалық жауапты органдардың атына табанды түрде қайта-қайта жазған талап арыздарында әкесінің ісін қайта қарауды, қайда жерленгенін және қашан қайтыс болғанын анықтап беруді сұраған болатын. Абдулахмет Ыбырайұлының талап арызы бойынша Ыбырай Ақбайұлының ісін қайта қараған Алматы облыстық сотының алқасы 1956 жылы 30 маусымдағы Ыбырай Ақбайұлына қатысты Алматы облыстық УНКВД үштігінің 1937 жылы 15 қазанда шығарған қаулысының күші жойылсын және істегі қылмыстың дәлел-денбеуіне байланысты қысқартылсын деген қаулы шығарады [19]. Осылайша, араға жылдар салып барып, ардақты тұлғаның ардақты есімі жалған жаладан ақталған еді. Дегенмен де, кешегі НКВД-ның ізбасары, кейінгі мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Ыбырай Ақбайұлының қашан және қандай жағдайда қайтыс болғандығы жөніндегі мәселені анықтауда заңды белшесінен баса отырып, оның ұлы Абдулахметке әкесі жөнінде 1938 жылы 10 жылға сотталды және жазасын өтеу кезінде 1944 жылы 8 қыркүйекте өкпенің қабынуынан қайтыс болды деген жалған құжат береді. Ал, шын мәнісінде Ыбырай Ақбайұлы 1937 жылы 9 қараша күні атылған болатын. Кеңестік жан

алғыш жазалаушы орган өздерінің қанды қылмыстарын жасыру мақсатында артынан іздеу салған арыстардың ұрпақтарына осындай қолдан құрастырылған жалған құжаттар дайындап беріп отырған.

Елімізде өткен ғасырдың 20-50 жылдары аралығында орнаған Сталиндік тоталитарлық қоғамның халқымызға тигізген зардабы өте ауыр болды. Халқымыздың бүкіл бетке ұстар зиялы қауымы мен ұлтжанды тұлғаларын жалмаған бұл қоғам халқымызды орны толмас қайғы-қасіретке ұшыратты. Жазықсыз атылған қуғындалған тұлғалардың артында қалған ұрпақтарының өміріне де үлкен залалын тигізді. Сонымен қатар, кеңестік идеология қазақ қоғамындағы байлар жөнінде теріс ұғым қалыптастырды. Оларды халықты қалаушы жексұрын етіп көрсетті. Байлар дегенде халықтың көз алдына қарны қампиған, өзінен басқа ешкімді ойламайтын «шық бермес, шығай байлар» елестеді. Бұл әрине байларды теріс мағынада көрсету жөніндегі коммунистік үгіт-насихаттың «жемісі» болатын. Байлардың бәрі халықтың қамын жеген жанашыр болды демесек те, олардың арасында Ыбырай Ақбайұлы сынды озық ойлы, халықтың жанашырлары болғаны тарихи ақиқат. Міне сондықтан да халқымыздың рухани-мәдени өмірінде және саяси тарихында өзіндік орны бар тұлғалардың халқымыз бен еліміздің алдында сіңірген еңбегін ашып көрсету, оларды жас ұрпаққа үлгі-өнеге ету қашанда назардан тыс қалмау керек!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. Алматы, 1991. – 257 б.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы (Көмекші оқу құралы) – Алматы, «Санат», 1995. – 368 б.
3. Рахметуллин Е. Ахмет Байтұрсынұлы және дала өлкесіндегі қудалау саясаты. // «Ахмет Байтұрсынұлы – Ұлт ұстазы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы, 2022. – 515 б.
4. Артықбаев Ж. Қазақстан тарихы: Оқулық-хрестоматия. – Астана: «Фолиант», 2000. – 260 б.
5. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы (Көмекші оқу құралы) – Алматы, «Санат», 1995. – 368 б.
6. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы (Көмекші оқу құралы) – Алматы, «Санат», 1995. – 368 б.
7. ҚР ПА. Қ. 20, т. I, іс. 3766, 36 п.
8. ҚР ПА. Қ. 141, т. I, іс. 38, 223 п.
9. Қазақстан тарихы. Очерктер. Алматы: «Дәуір» баспасы, 1994. – 445 б.
10. ҚР ПА. Қ. 20, т. I, іс. 3766, 39 п.
11. ҚР ПА. Қ. 20, т. I, іс. 3766, 79 п.
12. ҚР ПА. Қ. 20, т. I, іс. 3766, 22-23 п.п.
13. ҚР ПА. Қ. 20, т. I, іс. 3766, 24 п.
14. ҚР ПА. Қ. 20, т. I, іс. 3766, 25 п.
15. ҚР ПА. Қ. 20, т. I, іс. 3766, 26 п.
16. ҚР ПА. Қ. 20, т. I, іс. 3766, 66-69 п.п.
17. ҚР ПА. Қ. 20, т. I, іс. 3766, 20 п.
18. ҚР ПА. Қ. 20, т. I, іс. 3766, 83 п.
19. ҚР ПА. Қ. 20, т. I, іс. 3766, 117 п.

References:

1. Baitursynuly A. Ak zhol. Almaty, 1991. – 257 b.
2. Koigeldiev M. Alash kozgalysy (Komekshi oku kuraly) – Almaty, «Sanat», 1995. – 368 b.
3. Rahmetullin E. Akhmet Baitursynuly zhane dala olkesindegi kudalau sayasaty. // «Akhmet Baitursynuly – Ult ustazy» atty halykaralyk gylimi-tazhiribelik konferenciya materialdary. Almaty, 2022. – 515 b.
4. Artykbaev Zh. Qazaqstan tarihy: Okulyq-hrestomatiya. – Astana: «Foliant», 2000. – 260 b.
5. Koigeldiev M. Alash kozgalysy (Komekshi oku kuraly) – Almaty, «Sanat», 1995. – 368 b.
6. Koigeldiev M. Alash kozgalysy (Komekshi oku kuraly) – Almaty, «Sanat», 1995. – 368 b.
7. KR PA. Қ. 20, t. I, is. 3766, 36 p.
8. KR PA. Қ. 141, t. I, is. 38, 223 p.
9. Qazaqstan tarihy. Ocherkter. Almaty: «Dauir» baspasy, 1994. – 445 b.
10. KR PA. Қ. 20, t. I, is. 3766, 39 p.
11. KR PA. Қ. 20, t. I, is. 3766, 79 p.
12. KR PA. Қ. 20, t. I, is. 3766, 22-23 p.p.
13. KR PA. Қ. 20, t. I, is. 3766, 24 p.
14. KR PA. Қ. 20, t. I, is. 3766, 25 p.
15. KR PA. Қ. 20, t. I, is. 3766, 26 p.
16. KR PA. Қ. 20, t. I, is. 3766, 66-69 p.p.
17. KR PA. Қ. 20, t. I, is. 3766, 20 p.

18. *KR PA. K. 20, t.1, is. 3766, 83 p.*
19. *KR PA. K. 20, t.1, is. 3766, 117 p.*